

БЕКІТЕМІН:  
«Сләмия Саттаров атындағы  
мектеп-лицейі» КММ  
директоры:  К.Т.Сейтимбетова  
« 04 » 09 2022 жыл



## ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

**«СЛӘМИЯ САТТАРОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

**ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мектепте жаңадан келген жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас маман» мектебі құрылды. 2022-2023 оқу жылында «Жас маман» мектебінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. «Жас маман» мектебінің жетекшілігіне Р.К.Бекмолдина бекітілді, педагог-зерттеуші, еңбек өтілі 34 жыл.

**Мақсаты:** жас маманның кәсіби құзыреттілігін тиімді дамыту, әдістемелік дағдыларды қалыптастыру және үнемі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Инновациялық даму жағдайында мұғалімнің мәртебесі және оның жұмыс істеу жүйесі туралы идея қалыптастыру;
2. Үздіксіз білім берудегі жас мамандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және кәсіби қиындықтарды еңсеруге көмектесу;
3. Педагогикалық қызметті ұйымдастырудағы білімді, дағдыларды және дағдыларды кеңейту: өзін-өзі тану, озық тәжірибені жалпылау және енгізу, әдістемелік өнімдерді құру, аналитикалық қызмет;
4. Жас мамандардың шығармашылық белсенділігінің жеке стилін қалыптастыруға жәрдемдесу;
5. Жас мамандар мен тәлімгерлердің оқу үдерісінде кәсіби, әдістемелік мәселелерді анықтау, оларды шешу жолдарын жеңілдету;
6. Жас мамандарға оқу процесіне заманауи тәсілдер мен озық педагогикалық технологияларды енгізуге көмектесу.
7. Әдістемелік апталықтар ұйымдастырып, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі ролін арттыру.
8. Жас мамандарға жеке бас ерекшелігін ескере отырып, диагностикаланған, сараланған негізде ғылыми –әдістемелік көмектер көрсету;
9. Мектептің жалпы ішкі жұмыс жүйесіне дағдыландыру, жұмыс уақытын мақсатты тиімді пайдалануға баулу, кәсіби жағынан толысып және әдістемелік жағынан шеберліктерінің жетілуіне бағытталған шараларды мазмұнды да тиімді өткізу;
10. Кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;

**Жас мамандар мектебі қызметінің негізгі түрлері:**

1. Прогрессивті білім беру технологияларын енгізу арқылы оқытушының жеке кәсіби стилін қалыптастыру;
2. Мектептің тәжірибелі мұғалімдерінің тәжірибесін зерделеу арқылы педагогикалық дағдыларды игерудегі жастарға көмек көрсету;
3. Тәжірибелі мұғалімдермен «Шебер- сынып» өткізу және жас мамандарға арналған оқу-әдістемелік сабақтар;

4. Педагогикалық кеңестерді, білім беру мәселелері бойынша семинарлар мен конференцияларды дайындауға және ұйымдастыруға жас оқытушыларды тарту;
5. Жас оқытушының жұмысының нәтижелеріне мониторинг жүргізу;
6. Жас оқытушылардың жұмысының жетістіктерін диагностикалау;
7. Жас мамандармен электрондық оқыту-әдістемелік материалдарды қарастыруды ұйымдастыру және оларды оқу үдерісінде қолдану,

#### **Жұмыстың негізгі бағыттары**

- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;
- болжау жұмыстарын жасауға және талдауға көмек;
- өзара сабаққа қатысу.

«Жас маман» мектебіне жас мамандар мүше болып, оларға тәлімгерлер тағайындалып, жоспар бойынша жүйелі жұмыс жасайды. Жас мамандарға әрдайым әдістемелік көмек көрсетіліп, педагогикалық шеберлігін шыңдау мақсатында жоспарға сәйкес педагогикалық оқулар, дөнгелек үстелдер, байқаулар, семинарлар өткізіледі. «Жас маман мектебі» мектептің кітапханасымен, мектеп психологымен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылында жас мамандар саны 4: Тарих пәнінің мұғалімі Әсем Санақ; ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Болат Толғанай, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әбілова Жадыра; музыка пәні мұғалімі Тойлыбай Мендігүл.

Аталған жас мамандарға әдістемелік көмек көрсететін тәлімгерлер ретінде келесі пән мұғалімдері бекітілді:

1. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Әбілова Жадыраға Индира Айткалиевна Фазылова ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші бекітілді.
2. Тарих пәнінің мұғалімі Әсем Санаққа Оспанов Мәулен Мардашович, тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.
3. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Болат Толғанайға Бухаршина Аягөз Салаватовна, ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы.



## Жас мамандармен жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	жауаптылар	мерзімі
1	1.Жас және жаңадан келген мұғалімдердің тізімін алу. 2. Тәлімгерлер тағайындау, жоспарын бекіту. 3.Жас мамандарды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру 4. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша, оқу бағдарламалар, нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. 5. Күнтізбелік –тақырыптық жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруға әдістемелік көмек көрсету. 6.Электронды журналын толтыруды үйрету.	қыркүйек	Серікова Әйгерім А. «Жас маман» мектебінің жетекшісі Р.Бекмолдина Тәлімгерлер
2	Бірлестік жұмысына жас мамандарды тарту, әдістемелік көмек көрсету	үнемі	Р.Бекмолдина Тәлімгерлер ӘБ жетекшілері
3	Мектепшілік, аудан, облыс көлемінде өтетін семинар мен конференцияларға қатыстыру	уақытылы	ДБОЖО Р.Бекмолдина
4	Біліктілік жетілдіру курстарына жіберу	уақытылы	
5	Жас мамандарды тәлімгер-ұстаздардың сабақтарына қатыстыру.	үнемі	Тәлімгерлер
6	Білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану жолдарымен таныстыру	үнемі	Тәлімгерлер
7	«Сабақты жоспарлау» әдістемелік кеңес беру	қыркүйек	«Жас маман» мектебінің жетекшісі Р.Бекмолдина Тәлімгерлер
8	Жас маман портфолиосына қойылатын талаптарымен таныстыру	қазан	ДБОЖО Р.Бекмолдина «Жас маман» мектебінің жетекшісі

			Р.Бекмолдина
9	Қысқа мерзімді жоспар әзірлеу бойынша практикум: сабақ жоспарлары	қазан	ДБОЖО Р.Бекмолдина Тәлімгерлер
12	Семинар –практикум: «БЖБ, ТЖБ әзірлеу бойынша ұсынымдар» /	қараша	
13	Жас мамандарды «Педагогикалық дебют» байқауына қатыстыру	қараша	ДБОЖО Р.Бекмолдина
18	Жас мамандардың тәлімгерлердің сабақтарына қатысу	қаңтар	ДБОЖО Р.Бекмолдина
20	I жартыжылдық қорытындысы /есеп/	қаңтар	ДБОЖО Р.Бекмолдина «Жас маман» мектебінің жетекшісі Р.Бекмолдина Тәлімгерлер Жас мамандар
21	Жас мамандардың сабақтарына қатысу	үнемі	Мектеп әкімшілігі
28	Жас мамандарға психологиялық көмек көрсету. Психологиялық тренингтер ұйымдастыру.	үнемі жоспар бойынша	педагог-психолог
29	«Жас маман-2023» байқауына қатысу	сәуір	ДБОЖО Р.Бекмолдина Тәлімгерлер
30	«Жас маман» мектебінің жұмысының жылдық қорытындысы	мамыр	Тәлімгерлер «Жас маман» мектебінің жетекшісі Р.Бекмолдина